Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

# QAZAQ ÝNIVERSITETI

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



№12 (1763)
23 маусым
2020 жыл

www.kaznu.kz facebook.com/KazakhNationalUniversity vk.com/kazuniversity instagram.com/KAZNU_FARABI

**ҚазҰУ-да университет ректоры Ғалым Мұтанов пен «Алматы» телеарнасының Бас директоры Нұржан Мұхамеджанова екі мекеме арасындағы ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойды.**

## ӘРІПТЕСТІК МЕМОРАНДУМЫ



Ресми шараны ректор Ғалым Мұтанов кіріспе сөзбен ашып, БАҚ қызметкерлерін келе жатқан Байланыс және ақпарат қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен құттықтап, әлемдік Covid-19 пандемиясының карантиніне қарамай, сақтық шараларын сақтай отырып, әріптестік орнатуға келгендері үшін «Алматы» телеарнасының басшылығы мен ұжымына ризашылығын білдірді.

Өз кезегінде Нұржан Жалауқызы кезінде өзі білім алған университетіне қуана-қуана келгенін айтып, ректорға алғысын білдіріп, қара шаңырақтың QS әлемдік рейтингінде 165 орыннан көрінуімен барша ҚазҰУ-лықтарды құттықтады.

«Алматы» телеарнасының 21-ші шығармашылық маусымының басталуымен тұспа-тұс келгенін жақсылыққа балайтынын әрі мегаполистің жүрегі саналатын телеарнада негізінен ҚазҰУ-ды бітірген түлектер, журналистер қызмет ететінін атап көрсетті. Университеттің Журналистика факультетінің студенттері үшін тәжірибе алаңы болуға және оқу орны базасында «Алматы» телеарнасының оқу-тәжірибелік шеберханасын ашу жөнінде ұсыныс айтты. Әл-Фарабидің 1150 жылдық, Абайдың 175 жылдығы, Алтын Орданың 750 жылдығына арналған телебағдарламалар, деректі фильмдер, бейнероликтер топтамасы дайындалып, эфирден жүріп жатқандығы жайлы ақпарат берді.

Қала әкімдігінің бастамасымен қолға алынған жастарды жұмыспен қамту бойынша «Еңбек» бағдарламасы аясында студенттер телеарнаға келіп, тәжірибе жинақтап әрі осы үшін Жұмыспен қамту басқармасы арқылы қаржы алуға болатын ерекшелігін де баса айтты. Сонымен қатар, жастар аудиториясына арналған «Шынайы» бағдарламасы мен Интеллект ток-шоуы дайын тұр. Бұйыртса, карантиннен соң іске қосқалы отырмыз деп мәлімдеді.

Журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубек QS рейтингінде 165 орынға көтерілуімізге білімді де білікті, салиқалы да салмақты сарапшы бола білген түлектердің де еңбегі бар екенін атап өтіп, Нұржан Жалауқызына факультет атынан алғысын жеткізді. «Алматы» телеарнасынан шеберхана ашу жөніндегі ұсынысты қуана қолдайтынын айтып, өз кезегінде нақты жұмыс берушілердің санын арттыру мақсатында телеарнадан кафедра филиалын ашу жөнінде ұсыныс тастады.

Журналистика факультеті Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының меңгерушісі Гүлмира Сұлтанбаева факультеттегі медиа журналистика, электронды БАҚ және басқасы да цифрлық медиа аясында, яғни екі бағдарлама бойынша: Data journalism (Big Data) және Бизнес коммуникация дәріс беріліп жатқанын тілге тиек етті.

**Жалғасы 2-бетте**

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқытушылары мен қызметкерлері «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша «Алатау Сити» жаңа тұрғын үй кешенінде пәтерлерге ие болды. Бақытты қоныстанушылар тұрғын үй мәселесін шешуге атсалысқан университет басшылығына алғыстарын білдірді.**

## ЖАҢА ҚОНЫСПЕН!

Қуанышпен аяқталған бұл оқиға 2019 жылы АҚ «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы ИК» мен Білім және ғылым министрлігі арасында «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша білім беру саласының қызметкерлеріне тұрғын үй беру туралы келісімге қол қоюмен басталған болатын.

Белгілі болғандай, бұл бағдарламаның шарттары қазақстандықтарға өте тиімді жағдайда баспаналы болуға мүмкіндік береді. «Нұрлы жер» бағдарламасының шарттарына сәйкес, жаңа тұрғын үйді жалға алу мерзімі 20 жылды құрайды, бастапқы жарнасы жоқ және мерзімінен бұрын айыппұлсыз сатып алуға болады. Ең бастысы, жалдау ақысының орташа айлық құны республика бойынша орташа нарықтық бағадан төмен.

Биыл осы бағдарлама бойынша Алматыда 144 пәтер бөлінді. Бұл ретте тұрғын үйге 24 ұйым үміткер болды. «Алатау Сити» жаңа тұрғын үй кешенінен университеттің 39 қызметкеріне бір, екі және үш бөлмелі пәтер бөлінді. ҚазҰУ қызметкерлерінің үлесі барлық қордың 27%-ын құрады.

**Жалғасы 2-бетте**

## ИТОГОВЫЙ РЕЙТИНГ

**Окончательный рейтинг ППС, кафедр и факультетов за 2019-2020 учебный год продемонстрировал положительную динамику и улучшение показателей. Университет готовится к проведению ЕНТ. Эти и другие вопросы активно обсуждались на очередном заседании ректората в КазНУ им. аль-Фараби.**

В рейтинге ППС, кафедр и факультетов за прошедший учебный год, который представила вниманию коллег директор Центра по стратегическому развитию Г.С.Минажева, были обобщены результаты работы большого коллектива университета. В рейтинге участвовали порядка 3 тысяч преподавателей. Традиционно оценивались показатели по учебно-воспитательной (УМР), научно-исследовательской (НИР) и социально-воспитательной работе (СВР). В бесспорные лидеры среди ППС со значительным опережением вырвались Кайрат Давлетов, Тлеккабыл Рамазанов и Владимир Джунушалиев.

Среди кафедр первое место по УМР заняла кафедра Дальнего Востока, совершив серьезный прорыв (463 балла), на втором месте - кафедра клинических дисциплин (361) и на третье - кафедра уголовного права и уголовного процесса (333).

**Продолжение на 2 стр.**

**НОВЫЙ ТОМ «BIZDIŃ ELITA. НАША ЭЛИТА» В РАБОТЕ**

BIZDIŃ Elita ЭЛИТА НАША

3-стр.

**ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**



3-бет

**ТАНЫМ КӨКЖИЕГІН КЕҢЕЙТЕДІ**



7-бет

# ӘРІПТЕСТІК МЕМОРАНДУМЫ

**Жалғасы. Басы 1-бетте**

Сағатбек Медеубекұлы, біздер «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы «100 кітап» атты аударма жобасына қатыстық. Айтпақшы «Журналист» атты біліктілікті арттыру орталығы бар, онда CNN, Microsoft, Samsung, BBC сынды ірі-ірі шетелдік компаниялардың білікті мамандары дәріс береді, сол жерден сіздердің мамандарыңыз өз білімдерін арттырып, куәлік алуына болады», деп тағы бір ұсыныс тастады.

Ғалымқайыр Мұтанұлы жиын соңында ««Алматы» телеарнасы еліміздегі жастары көп шоғырланған ең ірі шаһардың арнасы, оның тыныс-тіршілігін көрсетуге атсалысатын жас мамандарды біздің университеттен тартуға ықыласты болғандықтарыңыз үшін ризашылығымызды білдіреміз», деді.



Шара соңында екі тараптан айтылған ұсыныстар бірауыздан қолдау тауып, екі жақты ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойылды.

Ғалым Мұтанұлы барша БАҚ қызметкерлерін тағы бір рет келе жатқан айтулы мерекелерімен құттықтап, университет түлегі Нұржан Жалауқызын «Ерен еңбегі үшін» арнайы төсбелгісімен марапаттап, өзге де қонақтарға арнайы сыйсияпат ұсынды.

**Дәурен МАҚСҰТХАНҰЛЫ,**
*ҚазҰУ Телерадиокешені директоры*

РЕКТОРАТ

# ИТОГОВЫЙ РЕЙТИНГ

**Продолжение. Начало на 1 стр.**

В рейтинге НИР лидировали кафедры: плазмы и компьютерной физики (621 балл), политики и организации здравоохранения (612), бизнес-технологии (532). Лучшие результаты по СВР продемонстрировали кафедры: теории и истории государства и права (252), международных отношений (166) и социологии и социальной работы (146). В итоговой таблице по сумме показателей первое место заняла кафедра Дальнего Востока (878), удостоившись высокой оценки и похвалы ректора университета, академика Галыма Мутанова, второе – политики и организации здравоохранения (837), третье – физики плазмы и компьютерной физики (831).

Общий рейтинг факультетов (УМР+НИР+СВР+РЕП) выявил лучших из лучших, распределив места следующий образом: первое – факультет химии и химической технологии (2440), второе – факультет философии и политологии (2352), третье – факультет медицины и здравоохранения (2322).

На заседании также обсуждались вопросы подготовки университета к проведению ЕНТ. Подробную информацию озвучил ответственный секретарь приемной комиссии Ж.Е. Жаппасов. В своем докладе он подробно остановился на степени готовности нормативно-правовой базы, рассказал о новшествах «ЕНТ-20202» и формате проведения тестирования, в частности, о замене бумажных сертификатов электронными и цифровой идентификации личности абитуриентов. Также спикер акцентировал внимание на беспрецедентных мерах по обеспечению санитарно-эпидемиологической безопасности участников ЕНТ в связи с пандемией коронавируса и режима карантина в стране и городе.

**Соб. корр.**

# ЖАҢА ҚОНЫСПЕН!

**Жалғасы. Басы 1-бетте**



Пәтерді толық емес және көп балалы отбасылар, мүмкіндігі шектеулі балалар, жастар және басқа да санаттағы қызметкерлер алды. Олардың 74%-ын оқытушылар, қалғандарын әкімшілік-көмекші қызметкерлер құрады.

Жаңа пәтерлердің бақытты иелерінің көңіл күйлері көтеріңкі. «Мен он жыл бойы пәтер жалдап тұрдым. Енді, міне, Алматыдан өз баспанама қол жеткіздім. Мен еліміздің жетекші университетінде жұмыс жасайтыныммен мақтан тұтамын. ҚазҰУ басшылығына, білім және ғылым министрлігіне, Қазақстандық ипотекалық компанияға алғысымды білдіремін. Тұрғын үй алудың барлық кезеңдерінде маған қолдау көрсеткен әріптестеріме де шексіз рахмет айтамын. Еңбегіңіз бағаланып жатса, қандай жақсы! Бұл жаңа нәтижелерге ұмтылуға ынталандырады!», – деді қуанышымен бөліскен философия және саясаттану факультетінің аға оқытушысы Елнар Берікбаев.

ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов ректораттың онлайн отырысында жаңа қоныстанушыларды құттықтап, оларға бақыт пен жұмыста табыс тіледі. Өз кезегінде, олар жоғары оқу орнының басшылығына осындай күрделі және аса маңызды тұрғын үй мәселесін шешуде көрсеткен көмегі үшін алғыстарын жеткізді. Бұл еліміздің жетекші университетінде қызметкерлердің еңбектері бағаланып, оларға үнемі жан-жақты көмек көрсетілетіндігін дәлелдейді, себебі кадрлық әлеует – жоғары оқу орнының бәсекелестіктегі басты артықшылығы.

**Өз тілшімізден**

KAZNU.KZ

**Kásibı standarttar negizinde bilim berý baǵdarlamalaryn jańartý máseleleri ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ-dyń ROÁK oqý-ádistemelik birlestiginiń onlaın-otyrysynda talqylandy. Oǵan QR Bilim jáne ǵylym mınıstrligi, Bolon prosesi jáne akademıalyq utqyrlyq ortalyǵy, QR JOO jáne «Atameken» UKP ókilderi qatysty. Kezdesýge QazUÝ-dyń oqý isi jónindegi prorektory A.Hıkmetov moderatorlyq etti.**

Otyrysqa qatysýshylar elimizdiń jetekshi JOO-da bilim berý baǵdarlamalarynyń qalaı ázirlenetinin, kásiptik standarttar negizinde kontentti jańartý barysynda qandaı qıyndyqtar týyndaıtynyn estýge jáne kórýge biregeı múmkindik aldy.

Otyrysty ashqan joǵary jáne joǵary oqý ornynan keıingi bilim departamenti dırektorynyń orynbasary B.M.Narbekova jańa formattaǵy OÁB qyzmetiniń basty trendterin aıqyndady. Jańartylǵan bilim berý baǵdarlamalaryn ulttyq tizilimge engizý algorıtmi týraly Bolon prosesi jáne akademıalyq utqyrlyq ortalyǵy dırektorynyń orynbasary G.S.Jarasova baıandady.

Onlaın-otyrysta ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ-dyń jumys tájirıbesi usynyldy. JOO túlekteriniń daıyndyq baǵyttarynyń, bilim berý baǵdarlamalaryn ázirleýdegi negizgi baǵdarlar men tásilder boıynsha quzyrettilik modeli týraly ádistemelik jumys qyzmetiniń jetekshisi G.T.Jakýpova aıtyp berdi. Mehanıka kafedrasynyń meńgerýshisi Z.B. Rakısheva jáne Ulttyq ǵaryshtyq zertteýler ortalyǵynyń Ionosfera ınstıtýtynyń orbıtalyq jáne jerústi ǵarysh júıeleriniń senimdiligi men qaýipsizdigi zerthanasynyń meńgerýshisi V.F.Grıshenko «Mehanıka» jáne «Ǵaryshtyq tehnıka men tehnologıalar» bilim berý baǵdarlamalaryn birlesip jasaý tájirıbesimen tanystyrdy.

Sonymen qatar onlaın-otyrys barysynda gıdrologıa jáne meteorologıa boıynsha kásibı standartty ázirleý qajettiligi týraly aıtylyp, bilim berý baǵdarlamalaryna qatysty kóptegen basqa da ózekti máseleler talqylandy.

***

**Ýnıversıtet QazUÝ-dyń tanymal túlekteriniń esimderi kiretin «Bizdiń elıta. Bizdiń elıta» kitabynyń 4-shi tomyn shyǵarýǵa daıyndalýda.**

Ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ-dy otandyq bilim berý brendi retinde anyqtaıtyn kórsetkishterdiń biri - bul túlekterdiń joǵary suranysy.

Bizdiń zamandastarymyzdyń kásibı jetistikterin nasıhattaý maqsatynda Qazaqstannyń joǵary bilim berý júıesinde alǵash ret ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ-dyń tanymal túlekteri jaıly «Bizdiń elıta. Bizdiń elıta» úsh tomdyq kitaby daıyndalyp, basyp shyǵaryldy.

Úsh tomdyqta 672 kórnekti tulǵalar týraly qysqasha ocherk berilgen. «Bizdiń elıta. Bizdiń elıta» jobasynyń bas redaktory Qaırat Ábdirazaquly Mámı – QR Konstıtýsıalyq Keńesiniń tóraǵasy, zań ǵylymdarynyń doktory, professor, ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ-dyń Túlekter qaýymdastyǵynyń prezıdenti.

QazUÝ Túlekter qaýymdastyǵy fakúltettermen birlese otyryp, 4 tomdyq kandıdatýralar tizimin qurastyrady. Sizderdiń negizdelgen usynystaryńyzdy tómendegi elektrondyq poshtaǵa jiberýlerińizge bolady: kulgazira_777@mail.ru

***

**KazNÝ ım. ál-Farabı slavıtsá svoımı vypýsknıkamı. V stenah výza polýchılı obrazovanıe mnogıe ızvestnye kazahstanskıe pısatelı, sostavıvshıe slavý otechestvennoı lıteratýry.**

Pochetnoe zvanıe «Narodnyı pısatel Kazahskoı SSR» bylo ýtverjdeno Ýkazom Prezıdıýma Verhovnogo Soveta Kazahskoı SSR 20 ánvará 1984 goda. Ono prısvaıvalós prozaıkam, poetam, dramatýrgam, perevodchıkam, krıtıkam ı lıteratýrovedam, kotorye sozdalı vysokoıdeınye hýdojestvennye proızvedenıa ı lıteratýrovedcheskıe trýdy, polýchıvshıe shırokoe prıznanıe, ı prınımavshım aktıvnoe ýchastıe v obshestvennoı jıznı respýblıkı.

Za dolgýıý ıstorıý výz vzrastıl selýı pleıadý vydaıýshıhsá deıatelei ı talantlıvyh, samobytnyh pısateleı, kotoryh mojno po pravý nazvát narodnymı. V etot pochetnyı spısok voshlı: Oljas Sýleımenov, Abısh Kekılbaev, Ańýar Alımjanov, Morıs Sımashko, Mýzafar Alımbaev, Mýhtar Magaýın, Halıjan Bekhojın ı mnogıe drýgıe.

Etı ımena navsegda voshlı v ıstorıý ýnıversıteta ı strany.

**Сотрудники КазНУ им. аль-Фараби получили квартиры в новом жилом комплексе «Алатау Сити» по программе «Нурлы жер».**

# НОВЫЙ ТОМ «BIZDIŃ ELITA. НАША ЭЛИТА» В РАБОТЕ

**Готовится к изданию 4-й том книги «Bizdiń elıta. Наша элита», в который войдут персоналии известных выпускников КазНУ им. аль-Фараби.**




Главный показатель, который определяет КазНУ имени аль-Фараби как бренд отечественного образования, – это повышенная востребованность его выпускников.

В целях пропаганды профессиональных достижений наших современников впервые в системе высшего образования Казахстана подготовлена и издана в трех томах книга «Bizdiń elıta. Наша элита» о выдающихся выпускниках КазНУ им. аль-Фараби.

В трех томах приведены 672 кратких очерка о выдающихся личностях.

Главный редактор проекта «Bizdiń elıta.Наша элита» Кайрат Абдразакулы Мами – Председатель Конституционного Совета Республики Казахстан, президент Ассоциации выпускников КазНУ им. аль-Фараби, доктор юридических наук, профессор.

Ассоциация выпускников КазНУ совместно с факультетами формирует список кандидатур в 4 том. Ваши обоснованные предложения можно направлять на электронную почту: kulgazira_777@mail.ru.

**Соб. корр.**

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ өз түлектерімен танымал. Жоғары оқу орнының қабырғасында отандық әдебиеттің даңқын шығарған көптеген белгілі қазақстандық жазушылар білім алды.**

# ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫЛАРЫ



Қазақ КСР-інің» халық жазушысы» құрметті атағы 1984 жылы 20 қаңтарда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен бекітілді. Ол кең танымал болған және республиканың қоғамдық өміріне белсене қатысқан жоғары идеялы көркем шығармалар мен әдебиеттанулық еңбектер жазған ақын, драматург, прозашы, аудармашы, сыншылар мен әдебиеттанушыларға берілді.

Ұзақ уақыт бойы университетіміз көрнекті халық құрметіне ие болған қайраткерлер мен талантты, ерекше жазушылардың тұтас шоғырын өсірді. Бұл құрметті тізімге: Олжас Сүлейменов, Әбіш Кекілбаев, Әнуар Әлімжанов, Морис Симашко, Мұзафар Әлімбаев, Мұхтар Мағауин, Халижан Бекхожин және т.б. кірді. Бұл есімдер университет пен елдің тарихына мәңгілікке енді.

**Өз тілшімізден**

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Шығыстану факультеті Иран Ислам Республикасының Қазақстандағы Мәдени Өкілдігі және Табатабаи университетімен бірлесіп, парсы тілі мен әдебиетін үйреніп-зерттеу мақсатында халықаралық онлайн-курсын ұйымдастырды.**

# Онлайн курс: ПАРСЫ ТІЛІ

Онлайн-курс әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шақыртылған шетелдік профессоры, Табатабаи университетінің оқытушысы доктор Оуранг Изадидің жетекшілігімен жүргізілуде. Қазақстан және Орталық Азия елдерінің оқытушылары мен студенттері үшін келесі тақырыптар бойынша дәрістер оқытылады: парсы тілінің шығу тарихы, иран тілдер тобының шығу тегі, көне парсы тілінің сына жазуы, орта парсы тілі (пехлеви), қазіргі парсы тілінің грамматикасы және т.б.

Курсқа қатысушыларды парсы әдебиетінің әйгілі ескерткіші, Иран халықтарының ұлттық эпосы Шахнаме ерекше қызықтырады. Оларға «Патшалар кітабының» пайда болу тарихы туралы және «Бижан мен Маниже», «Рүстем мен Сохраб», «Рүстем мен Исфандияр» және басқа да аңыздармен танысуға тамаша мүмкіндік берілді.

Шығыстану факультеті заманауи IT технологияларды қолдана отырып, әр түрлі елдердегі серіктес университеттермен онлайн курстарын жалғастыруды жоспарлауда.

**Шығыстану факультеті**

# ПРИОРИТЕТ – КАЧЕСТВЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ




**Вопросы обновления образовательных программ на основе профессиональных стандартов были обсуждены на онлайн-заседании учебно-методического объединения РУМС КазНУ им. аль-Фараби.**

В нем приняли участие представители Министерства образования и науки РК, Центра Болонского процесса и академической мобильности, вузов РК и НПП «Атамекен». Модератором встречи выступил проректор по учебной работе КазНУ А.Хикметов.

Участники заседания получили уникальную возможность услышать и увидеть, как разрабатываются образовательные программы в ведущем вузе страны, какие возникают сложности в процессе обновления контента на основе профессиональных стандартов.

Заседание открыла заместитель директора департамента высшего и послевузовскогообразования Б.М.Нарбекова, обозначив главные тренды деятельности УМО в новом формате. Об алгоритме включения обновленных образовательных программ в национальный реестр доложила заместитель директора Центра Болонского процесса и академической мобильности Г.С.Джарасова.

На онлайн-заседании был представлен опыт работы КазНУ им. аль-Фараби. О компетентностной модели выпускника вуза по направлениям подготовки, ключевых ориентирах и подходах в разработке образовательных программ рассказала руководитель службы методической работы Г.Т.Жакупова. Заведующая кафедрой механики З.Б.Ракишева и заведующая лабораторией надежности и безопасности орбитальных и наземных космических систем Института ионосферы Национального центра космических исследований В.Ф.Грищенко поделилсь опытом совместной разработки образовательных программ «Механика» и «Космическая техника и технологии».

Также на онлайн-заседании говорилось о необходимости разработки профессионального стандарта по гидрологии и метеорологии, обсуждались многие другие актуальные вопросы, касающиеся образовательных программ.

В ходе встречи участники пришли к выводу, что в процессе обновления образовательных программ на основе профессиональных стандартов отношения между вузами и работодателями вышли на качественно новый уровень. С комментариями относительно новых программ выступили эксперт департамента человеческого развития НПП «Атамекен» Д.Жуматаев, а также разработчики профессиональных стандартов – представители таких организаций как: ТОО «Өркен медиа», «Комплекс агропромышленных ассоциаций», «Ассоциация HR-менеджеров», «Союз транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS», Союз пищевых предприятий Казахстана.

**Соб. корр.**

***Центр аль-Фараби совместно с кафедрой картографии и геоинформатики проведет круглый стол в онлайн-режиме «Гармония недр глазами аль-Машани»***

# ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Біздің әл-Фараби атындағы ұлттық университетіміз тәрбиелік іс-шараларды жүргізуде алдыңғы қатарда келеді. Бұрынырақта жоғары оқу орындарында студент тобының жетекшісі, тәрбие шараларын ұйымдастырушы куратор деп аталса, қазір куратор-эдвайзерлер деп тәрбие және оқу траекториясын студентпен бірге анықтайтын, олармен тәрбиелік іс-шаралар өткізетін тұлға ретінде айқындалды.**

Куратор–эдвайзерлік жұмыс пен оқытушылар қызметі білім беру үдерісінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Білімді де білікті студент дайындап шығару үшін «жастардың тұлғалық дамуының үйлесімділігін қалыптастыру, студенттерді азаматтық белсенділікке тәрбиелеу, өзін-өзі басқаруды ұйымдастыра білу, университеттің қоғамдық және шығармашылық өміріне бейімдеу, оқу траекториясын таңдауға ықпал ету» секілді үлкен мақсат тұтқан куратор–эдвайзерлік жұмыстың қажеттілігі ұшан теңіз. Куратор-эдвайзерлер студенттерді театр, мұражай, көгалдандыру, саяхат сияқты мәдени-танымдық жерлерге бастап, студенттердің бір-бірімен емін-еркін араласуына да жол ашады. Осындай жақын араласулар студенттің бойындағы сыйластық, мейірімділік қасиеттерін дамытып, елгезектікке тәрбиелейді. Әрбір өткізілген куратор–эдвайзерлік шаралардан кейін студенттердің жанарынан байқалған ұшқынды, жастық жалынды пәк таза көңілді көргенде кураторлық жұмысынның аз да болса жемісін көргендей сезімде болары анық. Яғни, нағыз ұстаз – студенттің жүрегіне жол таба білген ұстаз. Ал, ҚазҰУ-дағы әрбір куратор–эдвайзердің көксейтіні де осы. Себебі ЖОО жастарға білім беріп қана қоймай олардың тәрбиелі адам болып қалыптасуына және оларды әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге де үйретуі тиіс. Оқыту үдерісі студенттермен жұмысты тәрбиенің ғылыми және инновациялық технологиялары негізінде жүргізілетін ҚазҰУ-де Жолдауда айқындалған бағыттар бойынша жаңа істер көші жалғасып жатыр. Ұзақ жылдар ҚазҰУ-де оқытушылылық қызмет атқарумен қатар куратор-эдвайзер мектебі құрылғаннан бері куратор-эдвайзер болып жұмыс атқарып келемін. Қазір елімізге жайылған індеттің әсерінен, өмірімізге үлкен өзгерістер еніп жатыр. Соның бірі «Қашықтан оқыту».

«Қашықтан оқыту» тәжірибесі ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінде бүдан 10 шақты жыл көлемінде басталған, өйткені біздің шығыстану факультетінің студенттері өздері оқып жатқан тіл елдерінде бір жылдық тілдік тәжірибеден өтеді. Сол уақытта оқу бағдарламасына сәйкес сол елдің университетінде өтілетін оқу пәндерімен қатар, студенттер өздерінің қалауы бойынша "қашықтан оқу" пәндерін таңдайды. Бұл үрдіс осы уақытқа дейін тиімді пайдаланылып келеді. Ал, қазіргі жағдайға келер болсақ, біздің оқытушыларымыз бен студенттеріміз үшін «қашықтан оқытудағы» тәжірибеміз пайдасын тигізуде. Мәселен, менің тобым 3курс студенттері Кувейт университеті мен ҚазҰУ-дың арасындағы екі жақты келісім шарт бойынша тілдік тәжірибеден өтіп жатқан еді. Олар Кувейт университетінде оқып жүріп, ҚазҰУ-дегі сабақтарын «қашықтан оқыту» сабақтарында оқи алады. Ол үшін біздің университетте барлық жағдай жасалған. Бұл жерде студенттерге әр пәннен кредиттерді таңдау құқығы берілген олар сол таңдап алған пәндерінен тапсырмаларды интернет жүйесі арқылы алып, пән оқытушыларының сабақтарының тапсырмаларын уақытымен алып көрсетілген мерзімде жауабын жіберіп отырады, ал оқытушылар олардың тапсырмаларын интернет жүйесі арқылы тексеріп бағалайды.



Студенттер тілдік тәжірибеден келгенде алған бағалары қорытылып, нәтижелері шығарылады. Бұл «қашықтан оқыту» жүйесі студенттер үшін өте тиімді. Себебі, мұндай «қашықтан оқыту» жүйесі бұрын болмаған кезде студенттер тілдік тәжірибе кезінде өте алмаған пәндерін кейін тілдік тәжірибеден өтіп келгеннен кейін оқитын, ол уақытта олар бір жыл уақыттарын жоғалтатын. «Қашықтан оқытудың» басты тиімділігінің өзі осында. Куратор-эдвайзер студенттері шет елде жүрсе де оның сабақтары мен тәрбиесі үшін бірден-бір жауапты. Мысалы, мен өзімнің іс тәжірибем бойынша айтар болсам, студенттер шетелге кетер алдында тәрбие сағатында олардың шетелде өздерін қалай ұстап қалай жүріп тұру ұстанымы жөнінде әңгіме өткізем, құжаттарына көмектесем, бұрын олардың алдында болған студенттердің пікірлерін тыңдатам, сөйтіп олар жан-жақты хабардар болады. Сондай дайындықпен барған студенттерге ол жақта оқып, өмір сүру жеңілірек болады. Белсенді студент қай жерде жүрсе де белсенді. Кувейт университетінде оқып жүрген екі студентіміз Ізбасаров Саят пен Рай Фариза сол жерде де, қоғамдық жұмысқа белсенді араласты. Онда әлемнің бірнеше мемлекетінен келген студенттердің ісімен айналысатын студенттер ұйымы бар. Биылғы барған студенттеріміз де өздерін жақсы қырларынан таныта білді. Интернет арқылы олармен апта сайын сөйлесіп отырдық, оларға ақыл-кеңесімді аямаймын, кез келген ойларындағы мазалап жүрген мәселелерін тыңдаймын. Менің тобымның студенттері Кувейт мемлекетіндегі Қазақстан Республикасының елшілігімен де тікелей байланыста болды. Студенттер шет елде оқып жүрсе де өз елінде болып жатқан жағдайлардың барлығынан хабардар. Олар елшілікте өтілетін барлық іс-шараға белсене қатысады, елшілік тарапынан да оларға бар жағдай жасалған. Міне осының өзінен олардың өз Отанын сүйетіндіктерін осы елдің азаматтары екендіктеріне мақтанатындықтарын көруге болады. Ал біз ұстаздар қауымы өз өнеге үлгімізбен оларға берген білім мен тәрбиеміздің кішкене де болса нәтижесін көре алсақ біздің еңбегіміздің босқа кетпегендігі.

**Ф. ЖУМАЖАНОВА,**
*Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының аға куратор эдвайзері*

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# ҰЛТТЫҚ ДАМУДАҒЫ ҮШТАҒАН ӨЛШЕМІ

**Биыл Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласына үш жыл толып отыр. Кезінде мақала қоғамда үлкен серпіліс туғызып, ондағы көтерілген мәселелердің бірқатары бүгінде ұлттық даму бағдарламаларына айналды.**

Мұндағы ескеретін нәрсе, «көпұлтты» Қазақстанда «біртұтас ұлт болу» – қазақ ұлтының рухани тамырымен жалғаса жүзеге асатыны айқындалғаны еді. Мақалада ол «рухани тамыр» және «ұлттық код» ұғымдары арқылы берілген. Осы жазбада, автор ретінде, «ұлттық код» мәселесіне көзқарасымды білдіруді жөн санадым:

–Жаңғор шапқыншылығы заманында әбден әлсіреген халықтың атынан қазақтың дана билері – Төле би, Қазбек би, Әйтеке би – Абылай ханға өміршең идеология ұсынды...

Ел тұтастығын армандаған билер сулы-нулы, табиғаты тамылжыған, ел басына қиын-қыстау туғанда бүкіл қазақ елін бауырына сидырып сақтай алатын Жетісу елін – «байлығым», алыс-жақын елдермен аралас-құраласы артық Арқа елін – «ақылым», ал, қос қанаттан қыспақ көріп, найзасы қолынан түспеген Ақжайық пен Мыңқыстау елін – «батырым» деп атады. Неге десеңіз, олардың осындай идеологияны ұсынуына қазақ халқының біртұтастығын бейнелейтін «ұлттық код» негіз болған еді.

Енді осы ойымды қарапайым тілде түсіндіре кетейін:

Мұнда, яғни, «байлық-ақыл-батырлық» үштағанында бейнелі түрде елі мен жерін жаудан қорғаған үш батырдың образы бейнеленген.

Ол батырлардың аты – Байлық, Ақыл және Батыр.

Бұл үш батыр жаудан қорғаныста бір-біріне арқа тірей ұрыс салады.

Алайда, ұрыс салу сәтінде олардың әрқайсысы өзін ғана емес, арқа тірескен бауырларын қорғауға міндетті.

Өйткені, егер, үш батырдың бірі опат болса, онда қалған екі батырдың арқаларына найза қадалары анық. Ендеше, әрбір жеке батыр алдындағы жауын қалайда жеңуі тиіс!

Ол үшін оларға не керек?

Ол үшін әр батырдың бойында үш қажетті ерекшелік пен қасиет керек:

Ол – Байлық. (Оны символды түрде – жауынгер ат, жақсы қару жарақ,, берік сауыт-сайман деп алайық),

Ол – Ақыл. (Оны символды түрде – ұрыс тәсілі, қорғаныс өнері, жетік айла-амал т.т. деп алайық)

Ол – Батырлық (Оны символды түрде – жауынгер мінез, қайсар жүрек, өткір көз, мығым қол деп алайық).

Міне, осы қажетті нәрселер болса ғана – ағайынды батырлар жауына алдырмайды, жауын толық әрі күйрете жеңеді!

Бұл – дана Билердің өмірге әкелген «өмір сүру формуласы» болатын.

Яғни, қазіргі тілмен айтсақ – Ұлттық код деуге болады.

Оның мазмұны – халықты шешуші сәттерде ел тұтастығын, береке мен бірлігін, жұдырықтай жұмыла алу қабілетін, жігерін, ақылын, рухани кеңдігін, сонымен бірге, жауынгершілігін сақтауға, Ел болуға шақыру еді!

Мұндай даналық кез келген халықтарда бола бермейді!

Сондықтан «Болашаққа бағдар: рухани тамыр» мақаласында «рухани тамыр» мен «ұлттық код» ұғымдары астарлы түрде Ұлттық даму формуласын бейнелейді.

Ол – Байлық, ол – Ақыл, ол – Жігер мен Ерлік!

Ал, осы үшеуінің қосындысы Ұлттық Ар мен Намыс деген ұғымды білдіреді!

Бүгінгі қиын кез халықтан тұтастық пен жігерді, даналықты, ғылым мен білімді талап етеді.

Даму осы бағытқа бұрылды.

Енді осыны отаншылдықпен, ортақ үйіміз болып табылатын мемлекетке деген мемлекетшіл көзқараспен ұштастырсақ – азданғ уақыттарда қазақ халқы үлкен табыстарға жететін болады!

**Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ,**
*философия кафедрасының аға оқытушысы*

*«Қазақ университеті» баспа үйі Абайдың 175 жылдығына орай мәнерлеп оқу сайысын жариялады*

# Педагог от Бога

**Замечательному преподавателю, наставнику и энтузиасту Жибек Уахитовне Мукашевой в этом году исполнилось 75 лет. За свою многогранную просветительскую и преподавательскую деятельность, высокий профессионализм и удивительную работоспособность Жибек Уахитовна награждена медалью «Ерең еңбегі үшін».**

Преподавательский состав факультета филологии и мировых языков и студенты КазНУ сердечно поздравили Жибек Уахитовну с юбилеем, пожелав ей крепкого здоровья, долгих лет жизни и дальнейших успехов в благородном деле воспитания молодого поколения.

Профсоюз «Парасат» выразил Жибек Уахитовне благодарность за активное участие в профсоюзной и общественной жизни университета. Ректора КазУМОиМЯ им. Абылай хана д.ф.н., профессор С.С.Кунанбаева направила поздравление и благодарственное письмо в адрес преподавателя.

Жибек Уахитовна Мукашева родилась в городе Павлодаре 3 марта 1945 года. В 1968г. окончила Казахский государственный университет им. С.М. Кирова (ныне КазНУ им. аль-Фараби) по специальности



«Филолог, преподаватель немецкого языка и литературы». После окончания КазГУ была направлена преподавателем в Павлодарский педагогический институт. Долгие годы работала в Алматинском педагогическом институте иностранных языков старшим преподавателем, затем – на факультете международных отношений Казахского национального университета им. аль-Фараби., а с 2011 г. – на кафедре общего языкознания и европейских языков факультета филологии и мировых языков.

Прекрасное владение немецким языком, глубокие и обширные знания снискали ей уважение среди коллег и студентов. Сфера профессиональной деятельности Мукашевой Ж.У. не ограничивается только преподаванием, большое внимание она уделяет воспитательной и общественной работе. Много лет она являлась Президентом, а затем Генеральным секретарем Союза учителей и преподавателей немецкого языка РК, сотрудничая с немецкими образовательными учреждениями: Гете-институтом, ДААД, ZfA и др. Высокой оценкой педагогических, творческих и организационных возможностей Жибек Уахитовны стало избрание ее председателем комиссии по немецкому языку на Городской олимпиаде школьников, а также почётным членом комиссии на Республиканской олимпиаде.

Сегодня Жибек Уахитовна активно работает над повышением своей профессиональной квалификации, принимает участие в научных конференциях в университете и за рубежом (Голландия, Германия, Швейцария, Италия, Австрия, Армения, Россия). Она вошла в составе международной группы, выпустившей учебное пособие «Kasachstan in Sicht», учебно-методическое пособие «Право. Отрасли права» на немецком языке, а также «Неміс тілі» для студентов языковых факультетов. Нередко Жибек Уахитовну привлекают в качестве переводчика на университетском уровне и по линии Министерства экономики.

Жибек Уахитовна – большой профессионал, преданный своему делу, доброжелательный наставник, умеющий заинтересовать студентов своим предметом, идеями. Она подходит к работе творчески, используя новые методы в обучении.

В 2007 г. Жибек Уахитовну наградили нагрудным знаком «Почетный работник образования Республики Казахстан». Ее плодотворная педагогическая и общественная деятельность, благожелательное отношение к людям, чуткость и отзывчивость служат примером для молодых специалистов и студентов. Эта замечательная женщина внесла большой вклад в образование. Хочется пожелать ей крепкого здоровья на долгие годы, удачи и благополучия, достижения новых успехов на благо казахстанской науки и образования! Счастья Вам и Вашим близким и родным!

**А. КАМЗИНА,**
*ст.преподаватель кафедры общего языкознания и европейских языков факультета филологии и мировых языков*

# ТАРИХИ СУРЕТ СЫР ШЕРТЕДІ...

**Бұдан бірнеше жыл бұрын ұстазымыз, механика кафедрасының доценті, т.ғ.к. Т.О. Қонақбаев өзінің оқушы кезінде ұшқыш-космонавт Ю.А. Гагаринмен кездескені туралы, сол кездесуде ұшқыш-космонавтарды суретке түсіргендігі туралы айтқаны бар еді. Тарихи суреттерді тауып, әкеліп көрсетемін дегеніне де біраз болыпты.**

Қазіргі орын алып отырған жағдайға байланысты механика кафедрасының ұжымы да қашықтықтан білім беру жүйесіне көшті. Үйден шықпай, бірақ жұмыстарын тоқтатпай, қызметтерін атқарып жатыр. Үйде болғандықтан, бұрын соңды қолымыз тимей, бірақ ойымызда жүрген шаруаларға қол жетіп жатқаны да рас. Сол ойдағы істердің бірі архивтегі ескі суреттер еді. Оның да сәті түсіп Төлеген Оспанұлы архивтерін ақтарып, осы әңгіме басында айтылған ұшқыш-ғарышкерлердің суреттерін тауып маған жіберген болатын.

Ғарышкерлермен болған кездесуден естелік болған бұл суреттердің тарихын Төлеген Оспанұлы былай деп баяндайды:

–Мен, 1950 жылы Новосибирск облысында, Құлынды (Құлын) даласында – ата-баба-ларымыздың жерінде дүниеге келдім. 1964 жылы мектептің үздік оқушысы, пионер-комсомол жетекшісі және спортшы ретінде Кавказдың Қара теңіз жағалауында, Туапсе теңіз порты жанындағы «Орленок» лагеріне (Бүкілодақтық «Артек» лагерінің аналогы) бүкіл аймаққа берілген жалғыз жолдама маған бұйырды. Біз қыркүйек-қазан айларында сол лагерьде болдық, бір тоқсан сонда оқыдық, демалып, шынығып қайттық.

Қыркүйек айының соңында Сочиде төрт ғарышкер демалды: Юрий Гагарин, Андриян Николаев (бірінші әйел-ғарышкер Валентина Терешкованың күйеуі), Владимир Комаров (үш рет ғарышқа ұшты) және ғарышқа ұшқан алғашқы ғалым, техника ғылымдарының докторы Константин Феоктистов. Біз ұшқыштарға лагерьге келуге шақыру жібердік. Шақыруды алған соң, олар қайықпен Сочи қаласының жанында орналасқан Туапсе теңіз портына жетті.



Сол кезде мен өзімнің отряд командирі болғаныма қатты қуандым. Себебі ұшқыштарды сол порттан автобуспен қарсы алуға бірнеше жетекшілеріміз – бұрыннан танымал адамдар және отряд командирлері бардық. Біздің жасақтың жетекшісі ақын Тұр Балақаев болды. Порттан біздің «Орлёнок» лагеріне дейінгі таулы жолдың ұзақтығы қырық бес шақырым. Жолшыбай автобуста келе жатып біз ғарышкерлермен жақынырақ танысып, етене әңгімелесе алдық және мен барлық төрт ғарышкердің қолтаңбаларын да алып үлгердім.



«Орлёнокта» біздің қонақтармен ұзақ та қызықты кездесу өтті. Кездесуге төрт жүз пионер және комсомол мүшелері қатысты. Көбінесе біздің сұрақтарымызға, Жер планетасынан алғашқы ұшқыш – ғарышкер Юрий Гагарин жауап берді. Ол өте қарапайым, сүйкімді, мейірімді және қызық адам болып шықты. Сол кездесуде мен оның ұлтының – мордвин екенін, ал Андрей Николаевтың – чуваш екенін білдім. Өзінің сөз саптауына қарай, олардың ішіндегі жасы үлкені, мейірімді әрі дана-кемеңгері Владимир Комаров екен. Өкінішке орай, Владимир Комаров біздің Қазақстанның Жезқазған аймағына қону кезінде қайтыс болды.

Кездесу барысында мен олардың бәрін қарапайым Smena-5 камерасымен суретке түсіріп алған болатынмын (сол кезде қазіргі кезде «селфи» жасауға болатын гаджеттер болмаған), – деп әңгімесін аяқтаған Төлеген Оспанович сол ұшқыштармен болған кездесудің әлі есінде екендігін және осы ақпаратқа қызығушылық танытатын жандармен бөлісуге дайын екендігін білдірді.

Әңгімеге арқау болған суреттердің тарихы міне осындай болды.

Үйден шықпай, бірақ жұмыстарын тоқтатпай қызметтерін атқарып отырған білім саласының барлық мамандарына, оның ішінде механика кафедрасының ұжымына алғысым шексіз.

Әр-нәрсенің бір жақсы жағы болады дегендей, үйде отырып архивтен сыр шерткен Төлеген Оспанұлына алғыс білдіремін.

**Динара ТУРАЛИНА,**
*ф.-м.ғ.к., механика кафедрасының доценті*

**В КазНУ им. аль-Фараби в онлайн режиме проходит итоговая аттестация студентов**

# ОТЫРАР КІТАПХАНАСЫНЫҢ АҢЫЗЫ МЕН АҚИҚАТЫ

**Тарихи танымы биік, берері мол ортағасырлар кезеңінің өзінде-ақ, сауда-саттықтың биік деңгейде өрістеген алып шаһар Отырарда бай кітап қорының болмауы мүмкін емес қой?! Ендеше сол Отырар кітапханасының аңызы қайсы, ақиқаты қайсы соған тоқталалық. Бізге белгілі түрлі әдебиеттерде дүние жүзіндегі ең бай кітап қоры бар Александрия кітапханасынан кейінгі руханият ордасы, яғни алып кітапхана біздің даламыздағы Отырар қаласында болды деген түрлі аңыз әңгімелер бар.**



Ал ендеше осы Отырар кітапханасына тоқталмас бұрын, кітап қоры молырақ болды делінген Александрия кітапханасына көңіл бөлсек. Александрия кітапханасын, Египеттегі Александрия қаласын Македонскийдің бұйрығымен атақты Птолемей II б.з.д. III ғасырда салды. Ал енді осы Александрия кітапханасындағы 700 000 кітап қорын кімдер және қашан көзін жойды деген сұрақ еріксіз туады емес пе? Осы сауал төңірегінде белгілі Отырар кітапханасын зерттеуші Еренғайып Омаров өз сұхбаттарында былай ой сараптайды: «Орыс тіліндегі әйгілі Брокгауз-Эфрон сөздігінде (1891) былай делінген: «...Александрия кітапханасының бүкіл Рим, Грек, Үнді және Мысыр әдебиетін сақтаған ең үлкен бөлігі біздің жыл санауымыздан бұрын 48 – 47 жылдарда Юлий Цезарь мен мысырлықтар арасындағы сұрапыл соғыс кезінде өртеніп кеткен... Сонымен атақты ғылым қазынасы әмір әскерлерінің 642 жылғы жорығынан емес, христиандардың шабуылынан ойрандалған»,– дейді.

Ал енді Отырар кітапханасына оралайық. Белгілі ғалым Ақжан әл-Машани өз еңбектерінің бірінде «...біздің заманымызға дейінгі 100-178 жылдары өмір сүрген грек ғалымы Клавдий Птолемей Отырарда кітап қоры жағынан өте бай, Александриядан кейінгі екінші орын алатын кітапхана бар деп жазып кетіпті» дегенді айтады. Отырартанушы ғалым Е. Омаров «Александрия кітапханасы өртенген 391 жылдан 1220 жылға дейінгі аралықта (830 жыл) Отырар кітапханасы әлемдегі ең үлкен кітапхана болған», - деген тұжырым білдіреді. «Бұқарлық ғұлама Рузбехан: «Отырар кітапханасындағы қолжазба кітаптарды қала тұрғындары ғана емес, шалғайдағы Сығанақ қаласының тұрғындары да пайдаланып отырды»,– деп жазады. Бұл дәстүр күні кешегі Абай заманына дейін үзілмей жетті»,-деген пікірді профессор Тұрсын Жұртпайда жоққа шығармайды. Сіздерге ұсынылып отырған бұл азды-көпті деректер белгілі бір шындыққа сүйеніліп айтылды деген сенімдемін. Ал енді ақиқатынан аңызы басым Отырар кітапханасы жайлы аңыздарға тоқталалық. Кейбір аңыздарда Арқаның жатаған тауларының қатарына жататын Ақтау мен Ортаудың біріндегі үңгірлерге жасырылғанын оны кейбір адамдар өз көздерімен көргенін айтса, енді бірі Отырар маңындағы Шәуілдірде Кеңес кезінде бір қойшы қой бағып жүрген кезінде түлкіні қуып түлкіініне келген уақытта үлкен кітап қорын көріпті-мыс деген түрліше аңыздарды кездестіреміз. Ендеше қазіргі таңда Отырарда Александриядан кейінгі екінші кітапхана, медресе болғандығын қазақтың бір топ фарабитанушы ғалымдары, ақын-жазушылары Ақжан Машанов, Ауданбек Көбесов, Кемел Ақышев, Әбсаттар Дербісәлиев, Хасен Әдібаев, Өзбекәлі Жәнібеков, Дүкенбай Досжанов, Мұхтар Шаханов қуаттап отыр. Онымен қоса белгілі археолог Кемел Ақышев: «Отырарда орасан зор бай кітапхананың болғандығын қазіргі ғалымдар тарихи шындық деп тұжырымдап отыр»,- деп жазады.

Әлі күнге дейін өткен дәуірдің елестері қоршап тұрғандай Отырар кітапханасы табылмады. Десек тағы Орта Азиядағы ең алып шаһарлардың бірі бола білген Отырарда ғаламдық деңгейде екінші кітапхана болмады десек те, алып шаһардың өзіндік деңгейде мол кітап қоры болғаны анық. Сондай-ақ, Отырар кітапханасынан бастауы білім бұлағын сусындаған ғұлама ғалымдар сабы өте көп болғаны да рас.

Орта ғасырлар кезеңіне тиесілі Отырар кітапханасы да одан түлеп ұшқан топжарған ғұлама ғалымдар да біздің бай тарихымызды одан әрмен байыта түседі. Ал Отырар кітапханасы жайындағы әпсаналарға келетін болсақ, қай деңгейде болсын әйтеуір Отырар қаласында кітапхана болды. Әлі алда тарихи өз бағасын алады деген сенімдеміз. 1948 жылы Жезқазғанда орналасқан геологиялық барлау экспедициясының жүргізушісі Ақтау мен Ортау тауларын аралап жүргенінде адасып кетіп, қыстың көзі қырауда бір үңгірді паналаса керек. Арқаның бораны арқырап тұрған шамада жер табынан жаңылысқан сол байғұс құла түзде не істей алсын, бар тапқан амалы – алдынан ұшырасқан бір үңгірге кіріп, бой тасалағанға ұқсайды. Ықтасын тапқанымен әрі-беріден кейін тоңып, жан-жағынан от жағып жылынар тамызық іздей бастайды. Сөйтіп жүргенінде үңгір түкпірінен саңылау байқалып, оны арши бастағанында әлдеқандай қоймаға тап келеді. Қатарлана қаланған кітаптарға ұшырасады. Киізбен, былғарымен, терімен қапталған ылғи көне жазулар дейді. Оқуға әріптерін танымаған жүргізуші өлместің қамын жасап, от жағып жан сақтап, боран басылған шамада үңгірден шығыпты. Жай шықпапты, сол кезде «полуторка» деп аталатын машина қорабына біраз кітап артып алып, әлдеқалай күн туса пайдалануды ниет етіпті. Бірақ әр-әр тұстан қара шалдырар қыстақтардың біріне іліккенде ендігі жерде өлмесіне сенген ілгі байғұс әлгі кітаптарды сол қыстаққа тамызыққа қалдырып, ыстық ішіп, бой жылытқан соң өз бағытымен кете барса керек».

Отырар кітапханасын қалпына келтіру турасында ұлтымыздың сиялы зиялылары бастама бастап, халықтық деңгейде үндеуде жариялағандар қатарында Әбіш Кекілбаев, Қабдеш Жұмаділов сынды бірқатар белді белгілі қоғам қайраткерлері бастамада бастаған болатын.

Қоғамда Отырар кітапханасын өткен заман құпияларымен жер астына жасырылды делінетін кітапхананың болмауы да мүмкін ғой. Бірақ кейбір жазбаларда болды деген де естеліктер бар. Солардың бірі Қытай саяхатшысы Лу Цзиньнің естеліктерінде: «Отырарды Отырар еткен де оның шарапханасы мен мейманханасы емес кітапханасы еді» дейді. Ал күллі медицинаның бастауы бола білген Ибн Сина естеліктерінде де Отырарда кітапхана былай тұрсын кітап басатын баспаханалар да болған деседі. Бір өкініштісі қазіргі таңда Отырар кітапханасының қайда екені белгісіздігі. Десекте Александриядан кейінгі деңгейдегі кітапхана болмаса да осыншама ғұламалар отаны бола білген шаһарда белгілі деңгейде кітапхана болғаны анық. Отырар кітапханасы жайлы, десекте ауыз әдебиетіне бай, көреген қазақ халқының «Жел тұрмаса, шөптің басы қозғалмайды» деген нақылын еске түсіргіміз келеді!

**Назгүл ДЕНГЕЛЬБАЕВА,**
*дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының аға оқытушысы*

**Қанат АЛТЫНБЕКОВ,**
*"Үздік студенттер" академиясының мүшесі*



*ҚазҰУ мен Біріккен Ұлттар Ұйымының босқындар істері жөніндегі Жоғарғы комиссары Басқармасының Қазақстан бойынша Өкілдігімен бірлесіп білім беру грантын тағайындау конкурсын өткізуде*

# Жастардың ғылымға ықыласы жоғары

**Осы күнге дейін әлемдегі елдердің негізгі байлығы, қазынаны толтыратын қайнар көзі – табиғи қазба байлықтар болып келеді. Қара алтын мен сары алтынның қоры көп елдер ғана бай-қуатты өмір сүреді деген көзқарас қалыптасқан еді. Ал, қазір әлемде болып жатқан өзгерістерге қарап бұл тұжырымның ескіргенін аңғару қиын емес.**



Бүгінде әлемді өз экономикасымен жаулап отырған алпауыт елдердің басты байлығы басқа емес ғылым екені белгілі. Олардың дамыған технологиясының құны қазба байлығыңыздан қымбат, сұранысы әлдеқайда мол екенін байқайсыз. Алтыннан да қымбат «ғылым» деген байлықтың бар екенін бағамдайсыз. Осындай бір өзгерістерге қарап отырып өз бағытымызды дұрыстап алудың қажеттілігі артып тұр.

Елімізде әртүрлі спорттық додалар мен мәдени шараларға мемлекет қазынасынан жеткілікті түрде қолдау көрсетіліп келеді. Ғылым мен білім саласына да қаржыландыру жүйелі түрде жүргізілуде. Бірақ, бұл мақсаттағы қарастырылған қаржының әлі де жеткіліксіз екендігі айдай ақиқат. Егер, елімізді дамыған елдердің қатырынан көргіміз келсе көп еңбек пен мол қаражаттың керек екені түсінікті.

Биыл әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдығы мерейтойы. Бұл мереке әлемнің екінші ұстазының атын алған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ үшін ерекше болмақ. Мемлекет көлемінде аталып өтетін атақты ұстаздың тойына ғылым мен білімнің қара шаңырағы болған ҚазҰУ өз үлесін қосу керек. Қалай қоспақ? Әл-Фараби өмірі мен тарихын тарихшылар, тағы басқа қырларын басқа саланың мамандары зерттеп, зерделеп жатыр. Ал, физиктер ше? Кезінде «Метафизика» деп кітап жазған ұлы ұстазға өз құрметімізді қалай білдіруіміз керек?

Әрине, физика ғылымын одан әрі дамыту. Осы той қарсаңында физика саласына тың серпін беру. Физика ғылымымен айналысып жүрген ғалымдарды шабыттандыру. Жас ғалымдарға қолдау көрсету. Физика мамандығын таңдап оқып жатқан студенттерге зор мүмкіндік беру. Міне, осындай игі шараларды атқарғанда ғана әл-Фараби бабамыздың аманатына адалдығымызды көрсете аламыз. Ұлы ғалымның тойын ұлардай шулап, дүбір мен дүрмектің тойы емес, ой мен ақылдың, білім мен ғылымның тойы болатындай етуге өз үлесімізді қоссақ дейміз.

Бұл айтып отырғандарымыз сөз жүзінде қалған жоқ. Осыдан бір апта бұрын ҚазҰУ ректоратының отырысында бакалавариат, магистратура, докторантура студенттеріне физика-техникалық кластердің 56 115 000 теңге көлемінде шәкіртақы беру туралы сертификаттар тапсырылды.

Аталмыш шәкіртақыны тағайындау барысы да ерекше болды. Бакалавариат, магистратура, докторантура студенттерінің ішіндегі сабақ оқу көрсеткіші жоғарылар таңдалып алынды. Сондай-ақ, отбасылық жағдайларына байланысты, тұрмысы төмен отбасыдан шыққан студенттер назарға алынды. Ғылымға деген ықыласы бар, бірақ қаражаты жоқ жастарға шетелге барып оқуын жалғастыруға, тәжірибе алмастыруға мүмкіндігін сыйлады.

Бұл қадам мемлекет үшін кішкентай ғана қадам болғанымен біздің университет үшін, біздің факультет үшін үлкен бір жетістік болмақ. Себебі, біз осындай игі шаралар арқылы ғылымға деген жастардың құштарлығын оятып, болашақтың кілті – ғалымдардың қолында екенін түсіндірдік. Ғылымы дамыған, ғалымы көп елдің қазынасы мен байлығы ешқашан сарқылмайтынын білдірдік.

Осыдан 1150 жыл бұрынға бабамыздың өзі физика ғылымының маңызы мен мәні туралы жазып, айтып кеткен. Демек, бабалар аманатын орындау бүгінгі ұрпақтың абыройлы міндеті болмақ.

**Бердіхан ҚАЗЫРЕТ,**
*Физика-техникалық факультетінің аға оқытушысы*

# Таным көкжиегін кеңейтеді

**Жастарды рухани байыту, мәдени сауаттылық сатысында тәрбиелеу мақсатында қаламыздың көрнекті орындарының бірі, қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев атындағы мемориалдық музей-кешенінің мамандары қыркүйек айының жұлдызында ашық сабақ өткізген болатын.**

Аталмыш іс-шараны Музеолог клубының жетекшісі Қ. Баудиярова мен «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығының 3-курс студенттері ұйымдастырды. Ашық сабақ барысында Д.А.Қонаевтың өскелең ұрпаққа үлгі боларлықтай өмір жолы және қазіргі күнде өз құндылығын жоғалтпаған мемориалдық музей-үйінің ерекше тұстарымен таныстық. Баршаға мәлім, Д.А.Қонаев аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік еңбек ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы ретінде еліміздің дамуына айтарлықтай үлес қосқан тұлға. Өз заманының ұлы саясаткері Дінмұхамед Ахметұлы ел басқарған жылдары кең байтақ қазақ жерінде 68 жұмысшы кентімен, 43 қала пайда болған. Ауыл шаруашылығы қарқынды дамып, тың және тыңайған жерлер игерілді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академигі ғылым саласында да орасан зор қызметтер атқарған. 100-ден аса ғылыми еңбектер мен зерттеулер жазған. Ғылыми жұмыстарын шаруашылық пен өндірістік тәжірибеден өткізген.

Азаматтық тұрғыдағы екі қырын екі елеулі қызметпен ұштастыра білген, ұлт жанашыры Қонаев мұражайы екі экспозициялық залдан тұрады. Бірінші экспозициялық зал Д.А.Қонаевтың «Балалық шағы мен студенттік кездері және еңбек жолының басталуы», екінші экспозициялық зал «Д.А.Қонаев саяси және қоғам қайраткер» тақырыбын қамтиды. Мұражай қорында 3 мыңға жуық жәдігер жинақталған.

Мұражай жәдігерлері қарапайым шаруа баласының тау-кен инженерінен үкімет басшысы деңгейіне көтерілген, тіптен бұрынғы Одаққа, шет елдерге де танымал болған еңбек жолын көрсетеді.

Кейіннен, 1952-1955 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарды. Осындай жауапты қызметтерді Дінмұхамед Ахметұлы абыроймен атқарып, өзінің туған Қазақстан халқының биік деңгейден көрінуіне күш салады. Мұнда Д.А. Қонаевтың жекелеген заттары, техникалық, анықтамалық және көркем әдебиеттер, өнер жөнінде альбомдар, авторлардың жекелей қолтаңбасы жазылған кітаптары, жиһаздар, тұрмыстық заттар, мерейтойларына арналған көптеген сыйлықтар мен экспонаттар, басқа да әр алуан заттар бар. Бұлардың бәрі



ұзақ жылдар бойы мұқият сақталған және Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың немере інісі Диар Асқарұлы Қонаев мұражайға табыс еткен.

Менің көзқарысымда бұл мұражайдың ерекше құндылығы – мемориалдық пәтер-мұражайының толықтығында және ауқымының кеңдігінде. Мұнда сақталған жәдігерлер Д.А. Қонаевтың дүние-мүлікке қызықпайтын қарапайым адам болғанын, оның қарапайым тіршілігін, қалай дем алып нендей дүниеге қызығушылық білдіретінін аңғартады. «Д.А.Қонаевтың мемориалдық пәтер-музейі»-бұл өткен тарихымызбен таныстыратын орын әрі өнегелі өмірдің нағыз куәгері бола білген.

**Бекарыс САТЫБАЛДИЕВ,**
*музей ісі және ескерткіштерді қорғау мамандығының 3-курс студенті*

**НИИ Антикоррупционных технологий КазНУ разработал «Методику формирования антикоррупционной культуры субъектов образования в РК»**

# ЮРИСТ-МЕЖДУНАРОДНИК – «СДЕЛАНО В КАЗНУ»

**Юрист-международник – это профессионал, обладающий красноречивостью оратора, тактичностью дипломата, владеющий умением вести переговоры, рассуждать и отстаивать своё мнение публично, знающий иностранные языки и профессиональную терминологию. Этой престижной профессии обучают только в КазНУ им. аль-Фараби.**

Обязанности юриста-международника во многом отличаются от обязанностей просто юриста. Кроме проведения консультаций и участия в составлении документации, специалист международного уровня должен иметь навыки в переговорно-дипломатической деятельности, вопросах инвестирования и др. В круг компетенции юристов-международников входят правовые взаимоотношения, возникающие на международном и государственном внешнеполитическом уровнях.

Студенты, обучающиеся по специальности «юрист-международник», изучают международное публичное и частное право и другие предметы. В рамках данной специальности студенты исследуют вопросы, связанные с особенностями деятельности Республики Казахстан на международной арене и в области сотрудничества с другими государствами, узнают о роли международных организаций, граждан в политической, социальной, культурной и иных областях, а также овладевают знаниями правовых норм и принципов, регулирующих взаимоотношения между государственными органами, организациями и предприятиями, гражданами в международной сфере. Без знания иностранных языков невозможно представить квалифицированного специалиста в области международного права. Большую часть своего времени юрист-международник тратит на изучение и подготовку документов на иностранном языке, поэтому он должен свободно владеть не только разговорным, но и профессиональным языком, а также терминологией юриста-международника.

Юрист-международник, имеющий богатый профессиональный опыт, с успехом ведет собственный юридический бизнес по разным правовым направлениям.

Карьерные перспективы юриста-международника ничем не ограничены. После получения диплома КазНУ им.аль-Фараби юрист-международник может пойти работать в Министерство иностранных дел РК и его подразделения, внешнеторговые организации, финансово-промышленные группы, корпорации, международные, госструктуры (звенья государственного аппарата), общественные организации, юрисконсультом в частные компании, независимым юристом в юридические объединения, а также адвокатом-международником. Спрос на таких специалистов уже сейчас огромный.

Но для того, чтобы стать хорошим специалистом, сначала необходимо получить качественное образование в КазНУ им.аль-Фараби, где с 1995 года наработан огромный опыт обучения престижной профессии юриста-международника. В функциональные обязанности специалиста в области международного права входит разработка, сопровождение и правовая экспертиза международных договоров, ведение переговоров с иностранными клиентами и контрагентами, юридическое сопровождение сделок, мониторинг и анализ изменений национального и иностранного законодательства, юридическое сопровождение деятельности компании в области международного права. Юристы по международному праву ответственны за ведение судебных дел в компетентных органах и международных арбитражных структурах.

Получить отличные знания и овладеть в полной мере специальностью юриста-международника можно только в Казахском национальном университете им. аль-Фараби. Здесь лучший в Республике Казахстан дипломированный профессорско-преподавательский состав, в совершенстве владеющий знаниями в области международного права.

КазНУ им.аль-Фараби – это не просто ВУЗ, а мировой бренд.

Обучаться в Казахском Национальном Университете им. аль-Фараби–это значит быть в числе студентов юристов-международников!

**Марьям ДОСЫМБЕКОВА,**
*кандидат юридических наук,*
*доцент кафедры международного права факультета международных отношений*

# Дистанционное образование: ВОЗМОЖНОСТИ И ПЕРСПЕКТИВЫ

**Дистанционное образование– это самый актуальный и обсуждаемый тренд времени. Чего в нем больше – плюсов или минусов, как оно развивалось в мире и нашей стране, какой вклад в его распространение внес КазНУ им. аль-Фараби, каковы его перспективы, читайте в нашем материале.**

Сейчас о дистанционном образовании (ДО) говорят, как о чем-то новаторском, но история его появления уходит корнями в далекий XVIII век. Именно тогда появилось так называемое корреспондентское обучение: студенты общались с преподавателями по почте, а экзамены, научные работы сдавали специальным представителям университета.

Первый экспериментальный университет дистанционного образования XX столетия появился в Великобритании в 1969 году - Open University. В том же 1969 году был основан Французский национальный центр дистанционного обучения (CEND), который в настоящее время предлагает более 2 500 обучающих курсов. Благодаря взрывному развитию интернет-технологий, в новом тысячелетии количество ВУЗов, предлагающих дистанционное обучение, значительно возросло.

В последние годы расширяется форма онлайн-образования, ведущие университеты мира предоставляют открытый доступ для всех желающих к различным тематическим материалам и курсам. Впервые такой продукт возник в 2002 году, когда Массачусетский технологический университет создал программу Open Curse Ware. Сейчас этот проект представляет собой OCW-Consortium, включающий сотни высших учебных заведений. По всему миру стали популярны научные семинары, лекции, конференции, которые переходят в режим онлайн на платформах Google Hangouts, Zoom, GetCourse, Skype, Cisco Webex Meetengs, Discord, охватывая огромную аудиторию от 500 до 1000 человек.



**ДО в Казахстане**

Дистанционное образование в Казахстане проходит свой этап становления, разрабатываются программы массовых открытых онлайн-курсов (МООК), совершенствуется методика и организация дистанционного обучения. КазНУ им. аль-Фараби является лидером среди казахстанских университетов по внедрению МООС на открытой платформе OpenEdx. С 2014-2015 учебного года Центр дистанционного образования совместно с профессорско-преподавательским составом начал работу по созданию МООК, и в данный момент по интернет-адресу http://open.kaznu.kz функционирует собственная МООК-платформа на основе системы Open edX.

К плюсам дистанционного образования можно отнести: доступность, гибкость, экономию денег, времени, к минусам- ограниченный выбор, нехватку личного общения, отсутствие положительных «побочных» эффектов и контроля.

Использование компьютерных технологий в дистанционном образовании студентов позволяет совершенствовать их познавательные процессы. Введение дистанционного образования принципиально меняет ролевые позиции «преподаватель — студент». При традиционной форме обучения преподаватель выступает как интерпретатор знаний. С расширением образовательного пространства функцию интерпретации знаний возлагает на себя студент, а преподаватель выступает координатором этих знаний. Он консультирует, направляет работу познавательных процессов, то есть берет на себя функции сопровождения профессионального становления студентов.

Важное условие развития дистанционного образования–высокоскоростной интернет. В мировом рейтинге Казахстан занимает 65-ю строчку по скорости фиксированного интернета — 41,15 Mb/s. Строчкой выше находится Вьетнам: 43,28 Mb/s. А среди стран СНГ. Казахстан занимает 5 место, после Молдовы, России, Беларусь и Украины. Лидерами скоростного фиксированного интернета являются Сингапур, Гонконг и Румыния.

**ДО в условиях пандемии**

Учитывая текущую беспрецедентную ситуацию с пандемией Covid-19, все страны мира переходят на онлайн-обучение и работу в связи с режимом карантина. Первым стал Китай, который перевёл на дистанционное обучение более 180 млн. школьников с 17 февраля (начало семестра). Сегодня на дистанционное обучение перешли более 870 млн. школьников по всему миру и эти цифры только растут. Интернет-провайдеры многих стран мира ощутили колоссальный рост нагрузки сети, не выдерживающей нагрузки.

Заметим, что за последние годы возросло число интернет-пользователей и в Казахстане. Так, в 2018 году доля пользователей сети Интернет в возрасте 6–74 лет увеличилась с 78,8% до 81,3% за год. Однако, с введением в Казахстане чрезвычайного положения (ЧП) из-за ситуации с CV-19 и проведением в связи с этим пробных школьных онлайн-уроков стало ясно, что эта форма слишком зависит от качества и скорости интернета, а также от обеспеченности школьников домашним интернетом, компьютерами, гаджетами. Подключение через онлайн-стриминг в масштабах всей страны стало нереальным и неэффективным.

Стремительное обновление технических возможностей IT для организации самообразования чрезвычайно актуализирует проблему перехода от спорадического, а иногда и хаотичного использования новейших технических и информационных ресурсов к нормированному, структурно и четко выстроенному процессу.

Однако при переходе на ДО существует ряд сложностей психологического характера. Основной проблемой на сегодняшний день выступает эмоциональное взаимодействие между преподавателем и студентами, а также между самими обучающимися. Разработка и реализация различных механизмов компенсации социально-эмоциональной неудовлетворенности процессом взаимодействия в системе преподаватель-обучающийся и обучающийся-обучающийся могу существенно повысить результативность дистанционного обучения. Этому может способствовать внедрение программ, с помощью которых возможно живое интерактивное общение преподавателя и обучающегося. Безусловно, что дистанционное образование на сегодня–важный инструмент, позволяющий расширять возможности и дополнять ресурсы современного образования.

**Ж. АУБАКИРОВА,** *д.э.н., проф.,*
**А. БАЯРИСОВА,** *магистрант кафедры «Экономика» ВШЭиБ*

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
**Бас редактор:** Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
**Тілшілер:** Айнұр АҚЫНБАЕВА, Светлана ӨМІРҒАЛЕЕВА
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ
**Корректор:** Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:
050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай:
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №
● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген